

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «№ 74 ЖОББМ»КММ

Топ: Мектепалды даярлық 0 «А»

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 19.09 – 23.09 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 19.09		Сейсенбі 20.09	Сәрсенбі 21.09	Бейсенбі 22.09.	Жұма 23.09.
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс					
	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Сөздік тренинг ойыны:«Дәл осындайды тауып ал» Мақсаты: Балалардың дүние танымын кеңейту, тілдік қарым-қатынасты қолдана білуге жаттықтыру.	Сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті (өнер орталығында сурет салу); Үстел үсті ойындары: «Салыстыр да, атын ата» Мақсаты: Балалардың сөзді дұрыс қолдана білуге дұрыс жауап беруге қалыптастыру.	Қимыл белсенділігі ойындар Ойын: «Бағдаршамды құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту	Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті «Кесте бойынша ойын» Мақсаты: Балалар білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту. Аталған ертегілердің мазмұнын, атын білу. Балаларды тапқырлыққа, зейінді болуға тәрбиелейді. Ойын атрибуттары:ертегілер кеспе (фишкалар) белгілері Ойынның барысы: Үстел-үстіне ертегілер бейнеленген кеспені жайып қояды. Ойынға 2	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет «Қайтала» сіріңке шиімен ұйымдастырылады Ойын барысы : Бұл ойынды балалар жұптарымен ойнайды. Әр балаға сіріңкенің 6 шиінен беріледі. Екеуінің біреуі сол шилерден қандай да бір затты құрайды. Екіншісі бірнеше секунд көлемінде қарап алады да, оны қайтадан жасауға тырысады. Содан кейін балалар орнын ауыстырады, екіншісі көрсетеді, біріншісі қайталайды.	


					немесе 3 бала қатысады. Кеспе бойынша белгіні қоя отырып, ертегінің атын айтады. Осылай келесі бала ойнайды.	
Таңертенгі жаттығу		№13 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№14 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№15 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№16 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті	№17 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
09.00-11.30 ҰІӨ	09.00-09.25 09.35-10.00 10.30-10.55 11.05-11.30	19.09.22 Дүйсенбі Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	20.09.22 Сейсенбі Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу Музыка	21.09.22 Сәрсенбі Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	22.09.22 Бейсенбі Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	23.09.22 Жұма Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. 10:00-10:30		Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.25						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ	1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: 5, 6 сандары және цифрлары. ҰІӨ міндеттері: Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету. Заттарды санау дағдыларын жетілдіру. 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету, -зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.	1. Сауат ашу негіздері–негіздері–коммуникативті к,танымдық әрекет Тақырыбы: Жіңішке дауысты дыбыстар. ҰІӨ міндеттері: -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту; сөйлеу тілін	1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: 7, 8, 9 сандары және цифрлары. ҰІӨ міндеттері: Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету, заттарды санау дағдыларын жетілдіру. Заттарды дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту;	1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: 7, 8, 9 сандары және ҰІӨ міндеттері: Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету, заттарды санау дағдыларын жетілдіру. Заттарды дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту;	1. Сауат ашу негіздері–коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дауыссыз дыбыстар. ҰІӨ міндеттері: Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту. Сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру. Күтілетін нәтиже: Сөз, сөйлем сызбасын құру,	

	Дағды: зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Күтілетін нәтижелер: заттарды санай алуға; сандардың айтылу реттілігін үйрену, -заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды біледі.	жетілдіру. Дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру. Күтілетін нәтиже: сөзбен сөйлемді ажыратады, сөздің сөйлемнің мағынасын түсінеді Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану	-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: заттарды санай алуға; сандардың айтылу реттілігін үйрену, -заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды біледі. Дағды: зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: заттарды санай алуға; сандардың айтылу реттілігін үйрену, -заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды біледі. Дағды: зейін мен логикалық ойлауды дамыту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу Дағды: ұсынылған үлгілер негізінде жазуға дағдыландыру.
--	---	--	---	---	---

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Тіл гимнастикасы «Р»-ға тілің келе ме? Қаламқасқа «тұр», - деші, Қарындашқа «жүр», - деші. «Қара қарындашты Қаламқас алып тұр», - деші, Ал енді өзің-ақ «Р-р-р-р», - деші.	Ойын: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашындар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді. (Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабындар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.	
--	--	--

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 09.35 – 10.00

2.Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым. ҮІӨ міндеттері: Ойыншықтардың	2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Жыл мезгілдері: жаз,	2. Көркем әдебиет- коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Шаруа мен аю (орыс халық ертегісі) ҮІӨ міндеттері: Ертегіні баяндауда сюжеттік	2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Күз бояуы. ҮІӨ міндеттері: Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің	2.Көркем әдебиет- коммуникативтік, танымдық әрекет Тақырыбы: Шаруа мен аю (орыс халық ертегісі) саханалау. ҮІӨ міндеттері: Ертегіні
--	--	--	---	--

	суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету. Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолданады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну Әдіс-тәсілдер: Ширату жаттығулары	күз, қыс, көктем. Белгілері. ҮІӨ міндеттері: Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсінік беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту.	бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Дағды: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды) Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. Өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.	баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Дағды: Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды) Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.
--	--	---	--	---	---


2 үзіліс – 10:00 – 10:30

Балалардың дербес іс-әрекеті


Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Дамытушылық іс-әрекеті



Сюжетті - рөлді ойын: «Тігінші» Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуникативті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу. Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар (инетр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар. Ойын барысы: Ұйымдастыру кезеңі. Өнерім қол ұшында,	Артикуляциялық жаттығулар: Ойын: «Часы» «Сағат» Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз. • «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.	Саусақ ойыны: «Тасбақа» Мақсаты: Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау. 1.Тасбақа Тасбақа, тасбақа, Тас астында тұрады. Басын баяу шығарып, Тиіссең кері тығады.	Психологиялық ойын: Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша» Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту. Ойын шарты: Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады:	Аз қимылды ойын: Ойын: «Қуғыншыдан құтқару» Мақсаты: балаларға тез бұлтартып жүгіру тәсілдерін меңгерту. Ойын шарты: Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.
--	---	--	--	---

Боламын мен тігінші Тігіншінің ішінде, Бас бармақтай бірінші. Ойын: «Дұрысын тап» Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру. Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табындар. Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады. Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді? Шаштараз не киеді? Балалар белгілеп береді. - Ендеше, сендер түсінген боларсындар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер. Ойын: «Тігінші» Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді) Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек. Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта	• «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. «Дәмді тосап» Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. Әдістемелік нұсқау. 1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек. 2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. 3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек. 4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.   	 Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады. Фонетикалық жаттығулар Мақсаты: Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады. 1.Баудағы кім? Ара болсаң, ызыңда З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты\жай  2.Жыланның ысылы. Жылан қалай дыбыстайды? Ыс-с—ыс-сссс.... 	«Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады. "Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды. 	Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы!» – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі. Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады. Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе; Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе; Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады. Ойынның ережесі: 1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады. 2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады. Әдістемелік нұсқаулар. Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау
--	---	---	--	---

балаларға көмек көрсетуі тиіс.



3.Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «О...о...о!» деп таң қалды.



үшін қадағалау керек. Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады. Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады. Ойынның педагогикалық маңызы. Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді. Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады. Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл – қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.



3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті						уақыты: 10.30 – 10.55	
	3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Алтын күз ҮІӨ міндеттері: Күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету.Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту, қазақтіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: сөзбен сөйлемді ажыратады , сөздің сөйлемнің мағынасын түсінеді Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану	3.Жапсыру – шығармашылық,коммуни кативтік, ойын әрекеті Тақырыбы : Көшедегі үйлер.Біздің үй. ҮІӨ міндеттері: Архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту. Балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Түрлі сызықтарды (түзу, қисық, зигзаг, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі емес сұлбаларды салады. Әдіс-тәсілдері:«Ойлап тап!»	3. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар. ҮІӨ міндеттері: Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету. Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеугеүйрету, сызбалар жасауға үйрету. Күтілетін нәтиже: сөзбен сөйлемді ажыратады , сөздің сөйлемнің мағынасын түсінеді Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану	3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Көгөністер ҮІӨ міндеттері: Тақпақты жаттау, көгөністердің казакша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлем мен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларындамыту. Күтілетін нәтиже: сөзбен сөйлемді ажыратады , сөздің сөйлемнің мағынасын түсінеді Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану	3.Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек Тақырыбы: Су – тіршілік көзі. ҮІӨ міндеттері: Судың қасиеттерін таныстыру. Танымдық мүмкіндіктерін арттыру,тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.		
3 үзіліс – 10:55 – 11:05 Балалардың дербес іс-әрекеті Секіруге арналған ойындар «Табан балық және шортан»ойыны.							
Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған Кім қалай дыбыстайды? (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту) - А, аа, аа, а, а, аааааа (қуанышты дауыспен). - Ааа, аа, а, а, ааа (аянышты дауыспен). - А, аа, аааа, а, ааа(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады. Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай		Дикциялық жаттығу Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет. Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді. Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік. Суда сең келеді,			Ойын:“Табан балық және шортан” Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді. Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол		

	допты жеңіл соға білу. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	қызығушылықтарын ояту. Күтілетін нәтиже: Барлық балалар: Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғаралығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады.	бүгіп, қағып алу шеберліктерін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану	арттыру. Күтілетін нәтиже: Барлық балалар: Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғаралығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады.	
--	--	--	--	--	--

4 үзіліс – 11:30 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті
Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар
«Пойыз - эстафеталар»



Ойын: «Пойыз - эстафеталар»

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Шарты: Бағанада тұрған (8-12 адамнан) топтар алдында сызық жүргізіледі, ал әрқайсысынан 10-12м қашықтықта тұрақтар (зат толтырылған доптар) тұр. Белгі бойынша топтың бірінші номерлері тұрақты айналып өтеді (сағат тіліне қарсы), бастау сызығына бағытталады. Олар өз бағанасының жанынан өтіп, оны артынан майыстырып, тұраққа жүгіреді. Олар бастау сызығына келгенде, олардың белдерінен ұстап екінші номерлер қосылады да, кедергіні ойыншылар бірге өтеді. Топты айналған соң оларға екіншісі қосылады және т.с.с.

Ұсыныс: Барлық топ, пойыз вагоны секілді, өткенде ойын бітеді, яғни соңғы ойыншы бастау сызығына өтеді. Ойында көп ауыртпалық бірінші ойыншыға түседі, сондықтан қайталау кезінде қатысушылар керісінше ретпен орналасады.

Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 11.30 – 12:10	Қыркүйек Серуен кешені №13 Емдік шөптерді бақылау Мақсаты: - Балабақша ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту; — Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру Бақылау барысы: Тәрбиеші балаларға алаңдағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды: -- Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер? ♦ Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп емес пе? Қалақайдың жапырақтарының пайдасы қандай? (онда К, С витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шашты қатайтады.) ♦ Қалақай жапырақтарын қай уақытта дайындайды? (шикізатты гүлдеген мезгілінде-маусымнан тамызға дейін дайындайды) ♦ Итмұрын жемісі несімен бай? (А, Р, В, С Витаминдерімен. Алма және лимон қышқылдары бар; итмұрын жемісін күзге қарай жапырақтары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек). ♦ Итмұрынды басқаша қалай атайды? (Иван-шәй) ♦ Шәйқурайдың қандай пайдасы бар? (салқын тиюге қарсы және	Қыркүйек Серуен кешені №14 Күз көрністерін бақылау Мақсаты: <i>Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.</i> Бақылау барысы Көркем сөз «КҮЗ» <i>Қ. Ыдырысов</i> Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Жап-жасыл тал мынау, Сары шапан киіпті-ау Айнала түнжырап, Қабағын аспан түйіпті-ау. Тәрбиеші сұрақтары: ♦ Қазір жылдың қай мезгілі? ♦ Неге күз деп ойлайсыңдар? ♦ Күзде ауа-райы қандай болады? ♦ Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер? Зерттеу жұмысы Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр) Еңбек Ойын алаңын тазалау Мақсаты: — Еңбек тапсырмаларын	Қыркүйек Серуен кешені №15 Тастарды бақылау Мақсаты: Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар. ♦ Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай? ♦ Өлі табиғатқа нелер жатады? - Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты) ♦ Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит) ♦ Қатты тастарды атаңдар? ♦ Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\ ♦ Неге? (ол жұмсақ, жұғады) ♦ Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі) ♦ Көмір не үшін керек? (отынға) ♦ Асыл тастар деген не? (қымбат тастар) ♦ Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.) Зерттеу жұмысы Бор таспен қатты тасты	Қыркүйек Серуен кешені №16 Жапырақтардың түсуін бақылау Мақсаты: — табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; — бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру. Бақылау барысы Көркем сөз Күзгі жапырақтар. Қ. Шанғызбаев <i>Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Күн шуақта маужырап, Жатыр еді атырап. Ағаштардан жамырап, Ұшты кенет жапырақ.</i> Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме? ♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді? ♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді? ♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл) ♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың) ♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда) Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге	Қыркүйек Серуен кешені №17 Гүлзарды бақылау Мақсаты: — Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; — Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтау (бұтақ, жапырақ, гүл, тамыр). Бақылау барысы Көркем сөз <i>- Кешікіл пе, күндіз бе, Өсіп тұрған гүлді үзбе. Туған жерді далаға, Тастай алмай жүрміз бе? Жайнап өсіп далада, Көздің жауын ала ма? Бірде бірін жұлғызба, Қасыңдағы балаға.</i> Тәрбиеші сұрақтары: ♦ Қазір жылдың қай мезгілі? ♦ Күзде өсімдіктер қандай кзгерістерге ұшырайды? ♦ Мына гүлзардан не көріп тұрсыңдар? ♦ Гүлзарда өсетін гүлдер қалай аталады? ♦ Гүлдер көктемде қайта өсуі үшін не істеу керек? ♦ Гүлдің өсуіне нелер көмектеседі? ♦ Гүлдерді жұлға бола ма? Зерттеу жұмысы: Гүлдерді салыстыру (гүлдер дін бір-бірінен айырмашылығы және ұқсастығы қандай). Еңбек Әр қалтаға гүлдер дөнін жинап салу Мақсаты: піскен, піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету.

	<i>асқазан ауырғанда).</i> Шәйкұрайдың жапырақтары мен гүлдерін, маусым айында гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне өте бай, асқазан ауырғанда ем болады. Әсіресе өте тәтті шәй бір ғана гүлдерінен алынады.. -- Жолжелкен (иманжапырақ). Оны кезкелген дала жолынан табуға болады. Оның салқын жапырағын аяқтың қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусаққа жапсыруға болады. Жолжелкен жапырақтарында А, К, С витаминдері бар <i>және де жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жазуға, қан тоқтатуға қолданылады. Жапырақтарды өсімдік гүлдеген мезгілде жинайды.</i> Табиғат аясында өзін ұстау ережелері: — Емдік өсімдіктерді жинағанда тек қана өздерің білетін, Қызыл кітапқа енбегендерін жинау керек; — Өсімдікті тамырымен жұлуға болмайды; — Емдік өсімдіктерді көрсетілген мерзімде ғана жинау керек;; — Бір түп өсімдікті солайымен жұлып немесе кесіп алуға болмайды. Зерттеу жұмысы: Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу. Еңбек: Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған, құраған бұталарды жинау Мақсаты: ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту. Қ/О: «Қасқыр қақпан» Мақсаты: Балаларды ептілікке,	орындауды үйрету; — Ұжыммен жұмыс істеуге баулу. Қ/О: «Ормандағы соқпақтар». <i>Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.</i> Жеке жұмыс: Жалпы дамыту жаттығулары <i>Мақсаты: жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,</i> Халық болжамы: Қыркүйекте күн күркіресе жылы күз нышанын білдіреді.	салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды) Еңбек Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау. Мақсаты: — Бірігіп жұмыс істеуге үйрету; — Шығармашылық қиялын дамыту. Қ/О«Ұшты-ұшты». Мақсаты: — Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету; Жаттығу ойындары Козғалысты дамыту. <i>Мақсаты: допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру</i> <i>Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу</i> «Күзгі табиғат» Мақал-мәтел Асыл тастан шығады, Ақыл жастан шығады.	түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды ◆Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады) ◆Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жөк) Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жөк) Зерттеу жұмысы Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру. Еңбек Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.</i> Қ/О: «Түлкі мен қояндар». <i>Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу</i> Жаттығу ойындары: Козғалысты дамыту. <i>Мақсаты: аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.</i>	Қ/О: «Құстар қалай ұшады?». <i>Мақсаты: белгілі бағытқа жүкіруге жаттықтыру</i> Жаттығу ойындарыДоппен жаттығу <i>Мақсаты: допты лақтыруға, қағып алуға жаттықтыру</i> Тыйым сөздер: Гүлді үзбе, көк шөпті баспа.
--	--	---	---	---	---

	жылдамдыққа, аңғарымпаздыққа баулу Жаттығу ойындары: Допты төменнен жоғарыға лақтырып, қағып алу Мақсаты: ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу				
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 13.10					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: